

## 2019-2021 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 305 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 10 қаңтарда № 3-13-227 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған Айшуақ ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 40001,7 мың теңге;

оның ішінде:

салықтық түсімдер – 3390,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 80,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 36531,7 мың теңге;

2) шығындар – 42320,1 мың теңге;

3) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

4) бюджет тапшылығы (профицит) – -2318,4 мың теңге;

5) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 2318,4 мың теңге.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 29.03.2019 № 329 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.05.2019 № 352 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.12.2019 № 391 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. Айшуақ ауылдық округі бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

салықтық түсімдер бойынша:

табыс салығы, оның ішінде жеке табыс салығы;

меншікке салынатын салықтар, оның ішінде:

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

салықтық емес түсімдер бойынша:

мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер, оның ішінде мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, оның ішінде:

басқа да салықтық емес түсімдер.

3. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы "2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 8 бабына сәйкес, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2525 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 29698 теңге көлемінде белгіленгені ескерілсін.

4. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін субвенция көлемі 16227,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

5. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне аудандық бюджеттен мынадай көлемдерде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 11064,0 мың теңге:

мемлекеттік органның күрделі шығыстарына 1804,0 мың теңге;

мемлекеттік органның ағымдағы шығындарына - 275,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Айшуақ ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. 5 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 29.03.2019 № 329 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 06.12.2019 № 391 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

5-1. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне республикалық бюджеттен мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 4248,0 мың теңге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің кейбір санаттарының жалақысын көтеруге – 1727,0 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Айшуақ ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. Шешім 5-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 29.03.2019 № 329 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 22.05.2019 № 352 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

5-2. Ауылдық округтің 2019 жылға арналған бюджетіне облыстық бюджеттен бала бақшаларды бейне бақылау жүйесімен жарақтандыруға – 1186,7 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансфертті бөлу Айшуақ ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

**Ескерту. Шешім 5-2 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 22.05.2019 № 352 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6. Айшуақ ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі осы шешімнің 4 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

7. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4  
қаңтардағы № 305 шешіміне  
1 қосымша

## 2019 жылға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджеті

**Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 06.12.2019 № 391 шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі).**

|             |  |        |
|-------------|--|--------|
| Санаты      |  | Сомасы |
| Сыныбы      |  |        |
| Ішкі сыныбы |  |        |

|   |     |  |              |
|---|-----|--|--------------|
|   |     | Атауы  | мың<br>теңге |
|   |     | КІРІСТЕР   | 40001,7      |
| 1   |     | Салықтық түсімдер  | 3390,0       |
|   | 01  | Табыс салығы   | 290,0        |
|   | 2   | Жеке табыс салығы  | 290,0        |
|   | 04  | Меншікке салынатын салықтар  | 3100,0       |
|   | 1   | Мүлікке салынатын салықтар   | 45,0         |
|   | 3   | Жер салығы   | 95,0         |
|   | 4   | Көлік құралдарына салынатын салық  | 2960,0       |
| 2   |     | Салықтық емес түсімдер   | 80,0         |
|   | 01  | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер   | 80,0         |
|   | 5   | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер   | 80,0         |
| 4   |     | Трансферттердің түсімдері  | 36531,7      |
|   | 02  | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                   | 36531,7      |
|   | 3   | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер  | 36531,7      |
| II. ШЫҒЫНДАР  |     |  | 42320,1      |
| 01  |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер  | 24834,4      |
|   | 1   | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар                | 24834,4      |
|   | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 24834,4      |
|   | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 21113,4      |
|   | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары   | 3721,0       |
| 04  |     | Білім беру   | 15100,7      |
|   | 1   | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту   | 15100,7      |
|   | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 15100,7      |
|   | 041 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                   | 15100,7      |
| 06  |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру   | 935,0        |
|   | 2   | Әлеуметтік көмек   | 935,0        |
|   | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 935,0        |
|   | 003 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету   | 935,0        |
| 07  |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық   | 1450,0       |
|   | 3   | Елді-мекендерді көркейту   | 1450,0       |
|   | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 1450,0       |
|   | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру   | 805,0        |
|   | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету   | 217,0        |
|   | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру   | 428,0        |
| III. Бюджет тапшылығы (профицит)                          |     |  | -2318,4      |
| IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) |     |  | 2318,4       |
| 08  |     | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары   | 2318,4       |

|    |   |                                |        |
|----|---|--------------------------------|--------|
| 01 |   | Бюджет қаражаты қалдықтары     | 2318,4 |
|    | 1 | Бюджет қаражаты бос қалдықтары | 2318,4 |

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4  
қаңтардағы № 305 шешіміне  
2 қосымша

## 2020 жылға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджеті

| Санаты      |     |  | Сомасы<br>,<br>мың<br>теңге |
|-------------|-----|--|-----------------------------|
| Сыныбы      |     |  |                             |
| Ішкі сыныбы |     |  |                             |
|             |     | Атауы  |                             |
|             |     | <b>I. КІРІСТЕР</b>   | 13681,0                     |
| 1           |     | Салықтық түсімдер  | 2357,0                      |
|             | 01  | Табыс салығы   | 100,0                       |
|             | 2   | Жеке табыс салығы  | 100,0                       |
|             | 04  | Меншікке салынатын салықтар  | 2257,0                      |
|             | 1   | Мүлікке салынатын салықтар   | 67,0                        |
|             | 3   | Жер салығы   | 50,0                        |
|             | 4   | Көлік құралдарына салынатын салық  | 2140,0                      |
| 2           |     | Салықтық емес түсімдер   | 260,0                       |
|             | 01  | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер   | 260,0                       |
|             | 5   | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер   | 260,0                       |
| 4           |     | Трансферттердің түсімдері  | 11064,0                     |
|             | 02  | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                   | 11064,0                     |
|             | 3   | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер  | 11064,0                     |
|             |     | <b>II. ШЫҒЫНДАР</b>  | 13681,0                     |
| 01          |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер  | 1840,0                      |
|             | 1   | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар                | 1840,0                      |
|             | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 1840,0                      |
|             | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1840,0                      |
| 04          |     | Білім беру   | 11064,0                     |
|             | 1   | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту   | 11064,0                     |
|             | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 11064,0                     |
|             | 041 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                   | 11064,0                     |
| 07          |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық   | 777,0                       |
|             | 3   | Елді-мекендерді көркейту   | 777,0                       |
|             | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 777,0                       |
|             | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру   | 117,0                       |
|             | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету   | 100,0                       |

|  |     |   |       |
|--|-----|---|-------|
|  | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру              | 560,0 |
|  |     | III. Бюджет тапшылығы (профицит)                          | 0,0   |
|  |     | IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) | 0,0   |

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 305 шешіміне  
3 қосымша

## 2021 жылға арналған Айшуақ ауылдық округ бюджеті

| Санаты      |     |  | Сомасы      |
|-------------|-----|--|-------------|
| Сыныбы      |     |  | , мың теңге |
| Ішкі сыныбы |     |  |             |
| Атауы       |     |  |             |
|             |     | I. КІРІСТЕР  | 2664,0      |
| 1           |     | Салықтық түсімдер  | 2409,0      |
|             | 01  | Табыс салығы   | 137,0       |
|             | 2   | Жеке табыс салығы  | 137,0       |
|             | 04  | Меншікке салынатын салықтар  | 2272,0      |
|             | 1   | Мүлікке салынатын салықтар   | 67,0        |
|             | 3   | Жер салығы   | 50,0        |
|             | 4   | Көлік құралдарына салынатын салық  | 2155,0      |
| 2           |     | Салықтық емес түсімдер   | 255,0       |
|             | 01  | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер   | 255,0       |
|             | 5   | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер   | 255,0       |
|             |     | II. ШЫҒЫНДАР   | 2664,0      |
| 01          |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер  | 1887,0      |
|             | 1   | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар                | 1887,0      |
|             | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 1887,0      |
|             | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1887,0      |
| 07          |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық   | 777,0       |
|             | 3   | Елді-мекендерді көркейту   | 777,0       |
|             | 124 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 777,0       |
|             | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру   | 117,0       |
|             | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету   | 100,0       |
|             | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру   | 560,0       |
|             |     | III. Бюджет тапшылығы (профицит)   | 0,0         |
|             |     | IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)  | 0,0         |

Шалқар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 305 шешіміне  
4 қосымша

## Айшуақ ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

| Функционалдық топ |              |     |   |
|-------------------|--------------|-----|---|
|                   | Кіші функция |     |   |
|                   | Әкімші       |     |   |
|                   | Бағдарлама   |     |   |
|                   | Атауы        |     |   |
| 04                |              |     | Білім беру  |
|                   | 1            |     | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту  |
|                   |              | 124 | Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округ әкімінің аппараты |
|                   |              | 041 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға            |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК